

Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның
8D02314 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз»
концептісінің репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы».

Зерттеудің мақсаты: Тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің мазмұнын, олардың құрылымын антропоөзектік парадигма аясындағы тілдік репрезентациясын лингвистикалық аспектіде талдау және «қарыз бен парыз» концептілерінің тіл мен дін кеңістігіндегі концептуалдық мазмұнын анықтау.

Зерттеудің міндеттері: Зерттеу жұмысының мақсатына орай төмендегідей міндеттер қойылды:

– тіл мен дін сабақтастығындағы «қарыз бен парыз» концептілерінің адами-моральдік мәнін, мағыналық және қолданыс ерекшеліктерін, рухани құндылықтық көрсеткішін айқындау;

– тіл мен дін бірлестігіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің фреймдері, семантикалық компоненттері, логикалық модельдерін анықтап, этностың ділдік болмысын, лингвокогнитивтік, этнолингвистикалық ерекшеліктерін зерделеу;

– қарыз бен парыз концептілерінің лексико-семантикалық топтарын анықтап, олардың ішкі құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін көрсету және олардың рухани-мәдени, адами-моральдық, суггестиялық ерекшеліктерін сипаттау;

– поэтикалық образды мәтіндердегі «қарыз бен парыз» концептілерінің лингвокогнитивтік, лингвомәдени, этнолингвистикалық, аксиологиялық сипаттарын лингвокогнитивтік, лингвофилософиялық аспектіде талдау.

Зерттеудің әдістері: Жұмыста тіл мен дін бірлестігіне негізделген материалдарды жинау барысында жүйелеу, топтастыру, жіктеу, сипаттау әдісі; концептінің мазмұнын қарастыруда концептуалды талдау әдісі; алынған нәтижелерді интерпретациялау, баяндау, тіл мен дін контекстерін салғастыру, салыстыру, баяндау, талдау, түсіндіру әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің адами моральдық мәні субъективтік және объективтік міндеттеме (экстроверттік және интроверттік категориялар) ретінде көрініс тауып, «қарыз бен парыз» – семантикалық тұрғыда бір-бірінен мағыналық реңкі мен қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктерімен адам санасында сан алуан түрлі когнитивтік белгілерден тұратын суггестиялық сипаттағы шарттылық мәнді моральдық құндылыққа ие бірлік болып табылады.

2. «Қарыз бен парыз» концептілерінің рухани құндылығы этностың тұрмыстық дүниетанымында «азаматтық міндет», «мойындағы борыш/міндет»,

«жазылмаған заңдылық», «ар-ұяттың мазалауы», «абырой», «адами жауапкершілік» т.б. фреймдер негізінде, діни дүниетанымда «Құдайдың разылығы», «Алланың қалауы», «шариғат заңдылығы», «діни міндет» т.б. фреймдері негізінде этностың діни танымы ділдік болмысымен сабақтасатындығы лингвокогнитивтік бірлік екендігін көрсетеді.

3. «Қарыз бен Парыз» концептісінің лексика-семантикалық мазмұнындағы «міндет», «борыш», «несие», «алу/беру» етістігінен құралған тілдік бірліктерінен: «борыш» лексемасының семантикасы «қарыз бен парыз» концептісіне тең дәрежеде жұмсалатыны, «міндет» лексемасы «парыз» концептісінің құрамына, ал «несие» мен «алу/беру» етістіктерінен құралған тілдік бірліктер «қарыз» концептісінің құрамдық бөлігіне енетіні зерделеніп, олардың мағыналық мазмұнындағы дифференциациялық ерекшеліктері айқындалады.

4. «Қарыз бен парыз» концептілері поэтикалық мәтіндерде этнолингвистикалық, лингвомәдени, аксиологиялық, когнитивтік тұрғыдан вербалданып, олардың семантикалық, когнитивтік сипатынан адами моральдық негіздегі бинарлық (қарыздың парызға, парыздың қарызға ұласуы) жұптарды, ал материалдық-заттық кеңістікте өзіндік (оппозициялық) ерекшеліктері бар рухани мәні басым концептілерді көруге болады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

– қазақ тіл білімінде тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің мағыналық-мазмұндық және мәдени-танымдық сипаттары алғаш рет кешенді түрде арнайы қарастырылды;

– тілдік және діни контекстер негізінде «қарыз бен парыз» концептілері этнолингвистикалық, лингвокогнитивтік аспектілерде талданды, олардың лексика-семантикалық мазмұнының ерекшеліктері анықталды;

– қазақ халқының этникалық дүниетанымындағы «қарыз бен парыз» концептілерінің этномәдени-танымдық, этнотілтанымдық ерекшеліктері анықталып, тілдік мәтіндердегі «қарыз бен парыз» концептілерінің рухани-мәдени, адами-моральдық, аксиологиялық сапалық сипаттары көрсетілді;

– тіл мен діндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің рухани-мәдени, адами-моральдық, суггестиялық, ішкі құрылымдық-мазмұндық моделін, стилистикалық-прагматикалық ерекшеліктері анықталды;

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Зерттеудің нысанына тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациялану ерекшеліктері арнайы нысан ретінде алынып, антропоэзектік парадигма аясында зерделенді. Қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма салаларының теориялық және практикалық мазмұнын жетілдіруге, теолингвистика ілімінің теориялық базасын қалыптастыруға өзіндік үлес қосады. Зерттеу жұмысының материалдары мен нәтижелерін болашақта ЖОО-да арнайы оқытылатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоаксиология, когнитивтік лингвистика, теолингвистика, мифолингвистика, дінтануға кіріспе, дін тарихы сынды пәндер бойынша оқулықтар мен оқу

құралдарды жазуға, теориялық әрі практикалық және семинар сабақтарында пайдалануға болады.

– тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілері қазақ тіл білімінде алғаш рет көтеріліп, концептінің мағыналық-мазмұндық және мәдени-танымдық сипаттары лингвокогнитивтік, лингвофилософиялық тұрғыда талдауға алынды;

– «қарыз бен парыз» лексемаларының этимологиясына зерттеу жүргізіліп, бұл лексемалардың тілдік және діни мағыналарындағы ерекшеліктері қаралды;

– концепт негізінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі қарыз бен парыз ұғымдарының діни түсініктермен сабақтастығы, өзіндік этникалық ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтары көрсетілді;

– «қарыз бен парыз» концептілерінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалып, қазақ халқының «ғалам бейнесіне» деген көзқарастары, тілдік және поэтикалық мәтіндердегі семантикалық, мәдени-танымдық, суггестиялық сипаттары айқындалды;

Алынған нәтижелердің ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің негізгі идеясы қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма салаларының теориялық және практикалық мазмұнын жетілдіруге, теолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. бағыттарының теориялық базасын қалыптастыруға өзіндік үлесін қосады. Диссертацияның негізгі практикалық қорытындыларын, нәтижелері мен тілдік материалдарын (тілдік және діни мәтіндер, концепт компоненттерін сипаттайтын материалдар) білім алу үрдісінде мамандар даярлауда пайдалануға болады. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға, білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (Диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43. ISSN: 2329-2210 (Co-authored by: Zhirenov S.A.; Abenovna G.M.; Orynbayeva D.G.; Abitova Zh.S.; Babayeva K.). Докторанттың үлесі – 75%.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда:

2. Тіл мен Дін // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – №1 (71). – Б. 44-49. ISSN: 1728-7804. (Қосалқы автор: Жиренов С.А.). Докторанттың үлесі – 90%.

3. Адамзат дүниетанымындағы «тілдік сана» мен «діни сананың» репрезентациясы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – №3 (179). – Б. 67-74. ISSN 1563-0323. (Қосалқы автор: Жиренов С.А.). Докторанттың үлесі – 90%.

4. Діни ұғым-түсініктердің тілдік сипаттамасы // Ш. Уалиханов атындағы ҚМУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – №4 (1). Б. 84-91. ISSN 1608-2206. (Қосалқы авторлар: Жиренов С.А., Сулеева Г.С.). Докторанттың үлесі – 90%.

5. Роль языка в межкультурной коммуникации // International scientific and practical conference «Problems of modern science and practice». – Boston. The USA. – September 21-24, 2021. – P. 338-342. ISBN:978-63972-061-3 (Қосалқы автор: Есетова А.Т.) Докторанттың үлесі – 90%.